Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Жұмыстарды сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"Павлодар мұнай химия зауыты" ЖШС, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ тұлғасында, бірінші тараптан және бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын , _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы жұмыстарды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Мердігер осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екенін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін; • Тәртіппен танысқанын және осы Шартты орындауға әсер ететін Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды. Тапсырыс беруші өнім берушінің/қосалқы мердігердің Тәртіптің 61-бабының 10 және 10-1-тармақтарында көзделген міндеттемелерді орындауына, оның ішінде осы Тәртіптің 61-бабының 10-тармағы шеңберінде сатып алу веб-порталы арқылы ұсынылған коммерциялық ұсыныстарды қарау қорытындыларын талдау арқылы тұрақты негізде мониторингті жүзеге асырады.

1. Шарттың мәні

1.1. Мердігер осы Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды (бұдан әрі - Жұмыс) орындауға міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында орындалған жұмыстарды қабылдауға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

1.2. Жұмыстардың тізбесі, орындалу мерзімдері, құны, жұмыстардың мазмұны мен сапасына қойылатын техникалық талаптар техникалық сипаттамада, жұмыстардың құнын сметалық есептеуде, тиісінше Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шартқа №2, № 7, №7.1 қосымшада көрсетілген жергілікті сметаларда айқындалған.

1.3. ҚР қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерімен бекітілген тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу кезінде ұйымдардың елішілік құндылықты есептеуінің бірыңғай әдістемесіне сәйкес есептелген шарттың жалпы сомасынан елішілік құндылық үлесі 30 % құрайды. Бұл Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын тиісті құжаттардың көшірмелерімен расталады.

1.4. Жұмыстар Мердігердің жабдығымен және күшімен орындалады. Мердігер жұмыстың осы түрін орындау үшін даярланған білікті персоналы, жұмыс тәжірибесі, уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті рұқсаттары, лицензиялары барына кепілдік береді.

1.5. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында қолданылатын заңнаманың талаптарын ескере отырып, Мердігер осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шарттың «Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт, газ қауіпсіздігі, экология саласындағы келісім» деген №4 қосымшасына сәйкес жұмыстарды Тапсырыс берушінің аумағында орындауға міндеттенеді.

1.6. ҚР заңнамасымен белгіленген, жұмысшылармен еңбек қатынастары саласындағы кепілдемелерді сақтауды қамтамасыз ету мақсатында Мердігер осы Шарт бойынша жұмыстарды орындау кезінде Шарттың «Еңбек қатынастары саласындағы мердігерлік ұйымдарға қойылатын талаптар» деген №5 Қосымшасында көрсетілген міндеттемелерді орындауға міндеттенеді.

1.7. Осы Шартта бас әріппен жазылған төменде келтірілген терминдер мен анықтамалардың мынадай мағынасы бар:

1.7.1. «Шарттың жалпы сомасы» - Шарттың 2.1-тармағында көрсетілген, шарттың түгелдей қолданылу мерзіміне есептелген және өзгертуге жатпайтын сомасы.

1.7.2. «Құпия ақпарат» - үшінші тұлғаларға белгісіз болғандықтан нақты немесе әлеуетті коммерциялық құндылығы бар, еркін қол жеткізуге болмайтын және Мердігер осы Шарт бойынша немесе оған байланысты алған, шарттың мазмұнын қоса алғанда, Тапсырыс берушінің қаржылық, техникалық және өзге де ақпаратын қамтитын құжаттама және басқа да ақпарат (оның ішінде жазбаша, ауызша, электрондық тасымалдағыштағы ақпаратты қоса алғанда, алайда олармен шектелмей).

1.7.3. Орындалған жұмыстарды қабылдау-тапсыру актісі - тапсырыс беруші мен мердігер қол қойған, жұмыстың тиісті түрде орындалған кезеңдері туралы куәландыратын, жұмыстарға төлемдер үшін негіз болып табылатын, ресімделуі және қол қойылуы Веб – көзделген нысанда электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін "Самұрық-Қазына" АҚ ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі-Веб-портал) жүзеге асырылатын, орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісі негізінде тараптар қол қоятын портал арқылы жүзеге асырылатын акті.

1.7.4. Орындалған жұмыстар актісі - тараптардың уәкілетті өкілдері, ал қажет болған жағдайда техникалық және авторлық қадағалау сарапшылары қол қоятын және мөр бедерімен бекітілген жұмыстарды орындау фактісін растайтын, ҚР өнеркәсіп және құрылыс министрінің бұйрығына сәйкес бекітілген нысанға сәйкес ресімделген актіні білдіреді.

1.7.5. Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісі - тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған, шарт бойынша жұмыстардың/жұмыс кезеңдерінің орындалғанын растайтын, ҚР Қаржы министрінің бұйрығымен бекітілген нысанға сәйкес

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

ресімделген актіні білдіреді.

1.7.6. Техникалық сипаттама - осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын шарттың №2 қосымшасында Тараптар айқындаған мердігер орындайтын жұмыстардың тізбесі, сипаттамасы және оларға қойылатын талаптар;

1.7.7. Тапсырыс берушінің өкілі - шартты орындау шеңберінде мәселелерді шешуге және Тапсырыс берушінің атынан міндеттемелерді қабылдауға уәкілетті Тапсырыс беруші өзіне берген міндеттерді орындау үшін Тапсырыс беруші тағайындаған кез келген тұлға;

1.7.8. Мердігердің өкілі - шартты орындау шеңберінде мердігердің атынан мәселелерді шешуге және міндеттемелерді қабылдауға уәкілетті мердігер өзіне берген міндеттерді орындау үшін мердігер тағайындаған кез келген тұлға.

1.8. Жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында келесі жағдайларды қоспағанда, тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілерін, фирмалық атауларын, патенттерді, пайдалы модельдерін, өнеркәсіптік үлгілерін, тауардың шығарылған жерінің атауын және өндірушінің атауын, сондай-ақ сатып алынатын тауардың, жұмыстың, қызметтің жекелеген әлеуетті өнім берушілерге тиістілігін көрсететін өзге де мәліметтерді және/немесе құжаттарды көрсетуге жол берілмейді: 1) жете жинақтау, жете жарақтандыру, біріздендіру немесе қолда бар тауарлармен, жұмыстармен және көрсетілетін қызметтермен үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ одан әрі техникалық сүйемелдеу, сервистік қызмет көрсету және жөндеу, оның ішінде негізгі (орнатылған) жабдықты жоспарлы жөндеу (қажет болған кезде) үшін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды; 2) Тапсырыс берушінің өзі өнім беруші ретінде Қазақстан Республикасының бейрезидентімен жасалған шарт бойынша міндеттемелерді орындауы үшін тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу және осы шартта тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілерін, фирмалық атауларын, патенттерді, пайдалы модельдерін, өнеркәсіптік үлгілерін, тауардың шығарылған жерінің атауын және өндірушінің атауын, сондай-ақ сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің жекелеген әлеуетті өнім берушіге не өндірушіге тиістілігін айқындайтын өзге де мәліметтерді және (немесе) құжаттарды тиісті көрсетуге қолданылмайды.

1.9. Жұмыстар басталғанға дейін Мердігер осы шарттың №6 қосымшада белгіленген нысандар бойынша тапсырыс берушінің аумағына жұмыскерлерді, арнайы техника мен көлікті өткізуге, ТМҚ-ды әкелуге/әкетуге рұқсаттама хаттарды ресімдеуге міндетті.

2. Шарт сомасы және төлем шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.1.1. Шарттың жалпы сомасына (егер ол көзделген болса), бірақ шектелмей төмендегілер енгізіледі: а) Шартта көрсетілген шығындар, оның ішінде Шарттың қосымшаларына сәйкес жұмыстарды орындау, Тапсырыс берушінің объектісін қажетті жабдықтармен және материалдармен жинақтау, инфрақұрылым объектілерін салу; б) барлық уақытша ғимараттар мен құрылыстарды салу құны, монтаждау және бөлшектеу жұмыстарын орындау, жабдықты іске қосу-баптау жұмыстары, ҚНжәнеЕ сәйкес монтаждалған жабдықты сынау, жергілікті қадағалау органдарымен пайдалануға рұқсатты келісу, жұмыстарды тапсыруға және пайдалануға қабылдауға байланысты шығыстар; в) Шарттың 6-бөлімінде көзделген Кепілдік қолдау құны, г) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдар.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Егер Мердігер шарттың жалпы сомасында мердігердің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы үшін қажетті жекелеген шығындарды (оның ішінде күтпеген шығындарды) көздемесе, жұмыстардың қымбаттау тәуекелін және/немесе кез келген қосымша сомаларды төлеу міндетін мердігер көтереді.

2.4. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арасалмағы Шарттың 1-қосымшасында көрсетілген.

2.5. Шарт бойынша төлем келесі тәртіппен:

2.5.1. Егер Шарттың №1 қосымшасында алдын ала төлем көзделген болса, мұндай алдын ала төлем Мердігер төлеуге шот берген және шарт бойынша аванстық төлем (алдын ала төлем) толық өтелгенге дейін қолданылу мерзімі бар Шартта айқындалған авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз еткен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізіледі. Авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсыну жөніндегі міндеттеме, егер ол Тәртіптің 43-бабының 8-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Мердігерге қолданылмайды. Аванстық төлемді қайтаруды қамтамасыз ету шарт жасалған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде ұсынылмаған жағдайда, шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші аванс төлемей жүргізеді. Мердігер аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда, бұл аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды.

2.5.2. Жұмыстардың аралық көлеміне ақы төлеу Мердігер ұсынған шот-фактура негізінде жұмыстарды орындаудың кезекті кезеңі бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау-тапсыру актісіне тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүзеге асырылады.

2.5.3. Жұмыстардың түпкілікті орындалған көлеміне ақы төлеу Мердігер ұсынған шот-фактура негізінде жұмыстарды орындаудың кезекті кезеңі бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау-тапсыру актісіне тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз)

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

күн ішінде Шарт бойынша міндеттемелерді мердігер толық орындағаннан кейін жүзеге асырылады.

2.6. Жұмыстардың құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен белгіленеді. Төлем валютасы: теңге. Төлем жүргізу формасы –Мердігердің есеп айырысу шотына ақшалай қаражатты аудару.

2.7. Орындалған жұмыстар үшін төлем, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу, Тараптардың Орындалған жұмыстар актісіне (бұдан әрі – Орындалған жұмыстар актісі) қол қойған және мынадай құжатты (құжаттарды) ұсынған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады:

2.7.1. 1) Р-1 үлгілік нысанындағы қатты форматтағы орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісі; 2) Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған және Тараптардың мөрбедерлерімен бекітілген, Мердігердің материалдық ресурстары мен жабдықтарының және басқа да шығындарының ведомосы бар орындалған жұмыстардың актісі - 2 түпнұсқа; 3) Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған және Тараптардың мөрбедерлерімен бекітілген, орындалған құрылыс жұмыстары мен шығындарының құны туралы анықтама - 2 түпнұсқа. 4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ресімделген Мердігердің шот-фактурасы.

2.7.2. Электрондық құжат нысанында берілген, Шарт шеңберінде орындалған Жұмыстардың барлық көлеміне елішілік құндылықтың есебі («Самұрық-Қазына» АҚ электрондық сатып алуларды жүргізуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) соңғы орындалған жұмыстар актісімен бірге ұсынылады;

2.7.3. Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісі/орындалған жұмыстар актісі.

2.8. Заңнаға сәйкес рәсімделген және қол қойылған Орындалған жұмыстардың актісі (актілері) Мердігер Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жіберіледі. Веб-порталда электрондық түрде Жұмыстарды қабылдау-беру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.9. Шарттың 2.1-тармағында көрсетілген Шарттың жалпы сомасы Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, ұлғайту бағытында өзгертілмейді және Шарттың 6-бөлімінде көзделген Кепілдік қолдау құнын қамтиды.

2.10. Қазақстан Республикасының салықтарға қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда Тараптар тиісті қосымша келісімге қол қоя отырып, Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

2.11. Мердігер Шартта Тапсырыс берушіге тапсырыс беруші мен мердігер арасында жасалған барлық шарттар бойынша Мердігерге тиесілі кез келген соманы, оның ішінде төленген аванстарды мердігердің осы Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны және(немесе) тиісінше орындамағаны үшін, сондай-ақ Тапсырыс беруші мен мердігер арасында жасалған өзге де шарттарда біржақты тәртіппен ұстап қалу құқығын береді.

2.12. Тапсырыс беруші мен Мердігердің банктік деректемелері немесе заңдық мекенжайлары өзгерген жағдайда Тараптар бұл туралы бір-біріне осындай өзгеріс болған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей алдын ала хабарлайды. Егер жоғарыда көрсетілген хабарламаның мерзімдерін бұзу немесе Мердігер төлем үшін деректемелерді дұрыс көрсетпеу нәтижесінде төлемдер дұрыс емес деректемелер бойынша жүргізілген жағдайда Тапсырыс беруші төлем жөніндегі міндеттемелерді тиісінше орындаған болып есептеледі. Бұл ретте, егер аударылған ақша Тапсырыс берушінің есеп айырысу шотына қайтарылса, Тапсырыс беруші кейіннен алынған ақшаны дұрыс емес деректемелер бойынша ақша аудару нәтижесінде шеккен қосымша шығыстардың сомасын біржақты тәртіппен ұстап, Мердігерге аударуға міндетті. Тараптар төлем үшін дұрыс емес деректемелерді ұсынған және қайта төлемді жіберу қажеттілігі туындаған жағдайда қайта операциялар бойынша барлық шығыстарды төлем үшін дұрыс емес деректемелерді берген Тарап көтереді. Қайта операциялар бойынша шығыстар, ақша қаражатын аудару кезінде екінші Тарапқа шығыстарды өтеуге арналған шот және келтірілген банктік шығыстар туралы растайтын құжаттарды ұсына отырып, қайта төлем сомасынан ұсталады.

2.13. Тапсырыс беруші мердігердің төлем құжаттарының топтамасын уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемді кешіктіргені үшін жауапты болмайды.

2.14. Егер Тапсырыс беруші қандай да бір шотты толық немесе ішінара дауласа, Тапсырыс беруші бұл туралы мердігерге дереу хабарлауы тиіс, ал дауды шешу бойынша Мердігер Тапсырыс берушінің пайдасына соманың дау тудырмайтын бөлігіне шотты қайта қоюы тиіс. Тапсырыс беруші мен мердігер даулы сомаларға қатысты барлық даулы мәселелерді дереу шешу және оларды түзету үшін бар күшін салуы тиіс.

2.15. Кез келген шот-фактураны төлеу, төлемеу немесе төлеуге қарсылық білдіру фактісі, кез келген дауды реттеу кезінде кез келген төлемдер немесе есеп айырысулар, сондай-ақ жоғарыда аталған әрекеттердің кез келген комбинациясы Тапсырыс берушінің мердігердің шот-фактураларын тануын білдірмейді. Тапсырыс беруші тарапынан кез келген төлем ол үшін болашақта шотта қойылған кез келген соманың негізділігіне дау айту құқығы сақталған жағдайда жүргізіледі.

3. Жұмыстарды орындау мерзімдері мен талаптары

3.1. Мердігер осы Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде жұмыстарды орындайды және осы міндеттемелерді осы Шартқа 2-қосымшада көрсетілген көлемдерге және орындау мерзімдеріне сәйкес орындайды. Жұмыстарды Тапсырыс беруші Шарттың №1, №2 қосымшаларына сәйкес орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісі/ орындалған жұмыстар актісі негізінде көлемі мен

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

сапасы бойынша қабылдайды. Тапсырысшының орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне қол қойған күні жұмыстарды орындау күні болып есептеледі.

3.2. Тапсырыс беруші орындалған жұмыстарды осы Шартта көрсетілген тәртіппен қабылдайды.

3.3. Мердігер Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша Шарт бойынша орындалған Жұмыстарға қатысты Тапсырыс берушіге қажетті барлық құжаттарды актіге қол қою үшін ұсынуға міндетті.

3.4. Шарт бойынша Жұмыстарды мерзімінен бұрын орындаған жағдайда Мердігер мерзімінен бұрын тапсыруға, ал Тапсырыс беруші Шарт талаптары бойынша мерзімінен бұрын орындалған Жұмыстарды қабылдауға және төлеуге құқылы.

3.5. Жұмыстардың орындалатын жері – ҚР, Павлодар қаласы, Химкомбинатовская көшесі, 1.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Мердігер:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындауға;

4.1.2. Орындалған жұмыстарды қабылдау-тапсырудың түпкілікті актісімен Тапсырыс берушіге Шарттың № 3 қосымшасына сәйкес нысанда Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында (Веб-порталда ұсынылады) шарт бойынша орындалған жұмыстардың барлық көлеміне елішілік құндылық есебін ұсынуға; Егер Шарт ұзақ мерзімді болып табылған жағдайда (он екі айдан астам мерзімге жасалатын не Жұмыстарды орындау мерзімі келесі күнтізбелік жылға ауысатын болса) Мердігер Шарттың қолданылу мерзімі ішінде әрбір күнтізбелік жылдың қаңтар айының 15-күніне өткен күнтізбелік жыл үшін орындалған жұмыстардың көлеміне аралық нақты есепті/елішілік құндылық үлесін есептеуді ұсынуға міндетті. Мердігер Шарт шеңберінде жұмыстарды орындау үшін қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартқан жағдайда, осындай қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) ескере отырып, орындалған жұмыстардағы елішілік құндылық үлесінің есебін ұсынуды қамтамасыз етуге.

4.1.3. Тапсырыс беруші анықтаған Жұмыстардың кемшілік терді Шарттың талаптарын сәйкес жоюға;

4.1.4. Жұмыстарды тендерлік өтінімнің құрамында мәлімделген жабдықтармен, техникамен (техникалық құрылғылармен), ғимараттармен (құрылыстармен), үй-жайлармен, бағдарламалық қамтылыммен білікті мамандар орындауға;

4.1.5. Жұмыстарды орындау кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

4.1.6. Жұмыстарды орындау кезінде Мердігердің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкершілікті көтеруге;

4.1.7. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Жұмыстарды орындау кезінде авариялларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

4.1.8. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

4.1.9. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Жұмыстарды орындау орындарына қолжеткізуді қамтамасыз етуге;

4.1.10. «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісу бойынша Қор операторы бекіткен, орындалуы және көрсетілуі кезінде тауарларды өндірушілерден сатып алу жүзеге асырылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесінде Жұмыстар болған жағдайда, Жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістерді құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алуды қамтамасыз етуге; Өнім берушінің осы тармақта көзделген міндеттемені орындағанын растау көрсетілетін қызметтерді қабылдау-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойған күнге дейін өнім берушінің сатып алынатын тауарларды өндірушіден (олардан) тауарларды сатып алу туралы шарттың (шарттардың) көшірмелерін/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістерді құру жөніндегі жобаны (оларды) іске асыратын ұйымды (ұйымдарды), тауарларды қабылдау-беру актілерін ұсынуы болып табылады. Өнім беруші тауарларды жеткізудің бағасы, сипаттамалары мен мерзімдері көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттың талаптарынан туындаған Өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылады. Баға өнім берушінің

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, өнім беруші Тапсырыс берушіге құны тауар өндіруші/Жаңа өндірістерді құру жобасын іске асыратын ұйым ұсынған тауардың (тауарлардың) бағасынан төмен тауарды (тауарларды) сатып алу туралы шарттың (шарттардың) және тауарларды (тауарларды) қабылдау-тапсыру актісінің (актілерінің) көшірмесін (көшірмелерін) ұсынады.

4.1.11. Осы Шартқа қол қойған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Өнім беруші Шарт бойынша Шарттың жалпы құнынан 3 % мөлшерінде өз міндеттемелерін толық орындағанға дейінгі қолданылу мерзімі бар шарттың орындалуын банк кепілдігі, ақшалай жарна, сақтандыру шарты түрінде қамтамасыз етуге. Егер Мердігер Тәртіптің 43-бабының 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда, бұл міндеттеме оған қолданылмайды. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда Тапсырыс беруші біржақты тәртіпте сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің соңғы мерзімі өткенге дейін Мердігердің сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындау жағдайларын қоспағанда. Тапсырыс беруші Мердігерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонхат, телетайбағдарлама, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Мердігер осы хабарламаны алған күннен бастап шарт біржақты тәртіпте бұзылған болып есептеледі. Егер Мердігер Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіпте сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартады. Банк кепілдігі электронды түрде шығарылып, Тапсырыс берушінің мекенжайына банк жүйесі бойынша ерекше Swift форматында хабарлама жіберу немесе банк шығаруы және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ электрондық сатып алу порталын пайдалану арқылы жіберілуі мүмкін. Кепілдік қағаз жеткізгіште шығарылған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге SWIFT жүйесі бойынша Тапсырыс берушінің банкі арқылы кепілдік шығару туралы авизо жіберуге тиіс. Кепілдік мәтіні шығарылғанға дейін Тапсырыс берушімен алдын ала келісілуі керек. Кепілдікті Standard & Poor's немесе Fitch агенттіктерінің рейтингтеріне сәйкес деңгейі «B-» кем емес несиелік рейтингі бар банк шығаруы тиіс. Кепілдік Кепілдіктер үшін біріздендірілген қағидаларға бағынуы қажет, МТП басылымы URDG 758, ред. 2010ж.. Кепілдікті шығаруға және растауға кеткен шығындарды Өнім беруші өз қаражатынан төлейді. Банк кепілдігі бойынша ақшалай қаражатты төлеуге байланысты барлық шығындарды ақша жіберуші төлейді. Сақтандыру шартын төлеуге қабілетті және қаржылық-тұрақты болып табылатын сақтандыру ұйымы беруге тиіс. Сақтандыру шарты берілген айдың бірінші күнінің алдындағы 12 (он екі) ай ішінде сақтандыру ұйымының пруденциалық нормативтерді сақтауы төлем қабілеттілігін және қаржылық-тұрақтылықты растау болып қабылданады. Сақтандыру шарты нөлдік шартты түрдегі франшиз талаптарымен қол қойылуы тиіс. Сақтандыру шартының мәтіні оны шығарғанға дейін Тапсырыс берушімен алдын ала келісілуі керек. Мердігер осы Шартта көрсетілген Тапсырыс берушінің есеп айырысу шотына ақшалай жарнаны аударуы тиіс. Мердігер айыппұл санкцияларының толық сомасын Тапсырыс беруші сотқа талап арыз бергенге не Тапсырыс беруші Шарт талаптарына сәйкес Мердігерге төленуге жататын сомадан берешекті ұстап қалғанға дейін ерікті түрде төлеген жағдайда Тапсырыс берушінің шарттың орындалуын қамтамасыз етуі ұсталмайды және Мердігер Қордың сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне енгізілмейді. Мердігердің үшінші тұлғаларда шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға немесе тоқтатылғанға дейін шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз етуге тұтастай не бір бөлігінде талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттер жасауына жол берілмейді.

4.1.12. Жұмыстарды өз тәуекеліне қарай, өз күштерімен, құрал-саймандарымен және басқа да меншік ресурстарын, сондай-ақ қажетті материалдарды қолданып орындауға, кейіннен Жұмыстарды аяқтағаннан кейін өз жабдықтары мен арнайы техникасын объектінің аумағынан шығаруға міндеттенеді.

4.1.13. Жұмыстарды орындау көрсету кезінде Мердігер жұмыскерлерінің және тартылатын қосалқы мердігерлік ұйымдардың жұмыскерлерінің қауіпсіздік техникасы, өрт және экологиялық қауіпсіздік талаптарын, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарында белгіленген қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі өзге де нормалардың, қағидалар мен нұсқаулықтардың талаптарын сақтауын қамтамасыз етуі тиіс. Жұмыстарды жүргізу/Қызмет көрсету аумағын және уақытша алаңдарды таза ұстау қажет. Жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету барысында және олар аяқталғаннан кейін Мердігердің қызметінен пайда болатын қалдықтарды, соның ішінде бөлшектеу жұмыстарынан түзілетін қалдықтарды және түсірілген материалдың қалдықтарын Мердігердің контейнерлеріне жинап, Тапсырыс берушінің аумағынан мамандандырылған кәсіпорынға өз қаражаты есебінен және өз күшімен шығаруы қажет. Металл сынықтары мен пайдаланылған майлардың қалдықтары пайда болған жағдайда, Мердігер осы қалдықтарды Тапсырыс берушіге береді. Лак-бояу немесе басқа да экологиялық қауіпті заттар ағып, жер беті ластанған кезде Мердігер ластанған жер бетін тазартуға байланысты барлық шығындарды көтереді.

4.1.14. Тапсырыс берушіге, оның сұрауы бойынша Жұмыстар туралы нақты және толық ақпаратты, Жұмыстарға қатысты барлық атқарушылық және есеп берушілік құжаттаманы, сондай-ақ осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындайтын Мердігер және қосалқы мердігерлер жұмыскерлерінің азаматтығын және әр лауазымы бойынша төленген жалақы сомасын және Мердігер/қосалқы мердігер жұмыскерлерінің еңбекақысын төлеуге қатысты басқа да мәселелерді көрсете отырып, олардың саны мен лауазымдары туралы ақпаратты ұсынуға. Бұл ретте Мердігер жұмыскерлердің жеке деректерін қорғау бөлігіне қатысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын сақтауға қажетті барлық шараларды өзі қабылдайды.

4.1.15. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандардың жұмыстарды орындауы. Бұл ретте Мердігер Тапсырыс берушінің келісімі бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең дәрежелі мамандармен ауыстыруға құқылы. Жаңа жұмыскерлердің біліктілігі көрсетілген талаптарда көрсетілген жұмыскерлердің біліктілігіне сәйкес келуі немесе одан жоғары болуы керек.

4.1.16. Жұмыстардың осы Шартта көрсетілген талаптарға сәйкес келмеуіне байланысты Тапсырыс беруші актілерге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, тараптар келіскен мерзімдерде мұндай сәйкессіздіктерді жою.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.17. Тапсырыс берушінің аумағында өз мамандарының жұмыс істеу кезеңінде келтірілген барлық шығындарын (соның ішінде тұру, тамақтану, медициналық қызмет көрсету және жол жүру шығындарын) көтеруге.

4.1.18. Тапсырыс берушіні осы Шартты орындауға әсер етуі мүмкін барлық жағдайлар туралы (заңдық/нақты мекенжайдың, банк және басқа да реквизиттердің өзгеруін қоса алғанда) хабардар етуге, сондай-ақ Тапсырыс берушіге, оның сұрауы бойынша Мердігердің Шарт бойынша өзіне жүктелген міндеттемелерін орындауына қатысты ақпаратты сұрауды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынуға; Тапсырыс берушіге жоғарыда көрсетілген жағдайлар туралы хабарламаған және/немесе уақытылы хабарламаған жағдайда Мердігер ықтимал жағымсыз салдар үшін жауапты болады.

4.1.19. Жұмыстардағы елішілік құндылықтар туралы ұсынылған ақпараттың дұрыстығына кепіл беруге; Мердігер елішілік құндылықтар туралы дұрыс емес ақпарат берген жағдайда Тәртіпке және Шартқа сәйкес жауапты болады.

4.1.20. Жұмыс аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіге барлық әзірлемелер мен қажетті құжаттаманы толық сипаттамамен береді.

4.1.21. Шарттың 6-бөліміне сәйкес Кепілдік қолдауды қамтамасыз етуге.

4.1.22. Тапсырыс беруші белгілеген өткізу және объектішілік тәртіптердің талаптарын сақтауға.

4.1.23. Тапсырыс берушінің жұмыстарды орындауға қатысты барлық нұсқауларын қатаң орындауға.

4.1.24. Жұмыстарды орындау басталғанға дейін Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарынан шарт бойынша міндеттерді орындау үшін барлық қажетті рұқсат құжаттарын алуға; Тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттерді орындау үшін қажетті рұқсат беру құжаттамасының барлығын немесе бір бөлігін кері қайтарып алу тәуекелі туралы немесе кері қайтарып алу туралы дереу хабарлауға.

4.1.25. Тапсырыс берушінің талабы бойынша, егер Тапсырыс берушінің жазбаша талабында өзге мерзім көрсетілмесе, жұмыстардың орындалу барысы туралы дереу есеп беруге.

4.1.26. Шартты орындау барасында Тапсырыс берушіден алған құпия ақпаратты жариялamауға.

4.1.27. Тапсырыс берушіге залал келтірмеуге, сонымен қатар нәтижесінде Тапсырыс берушіге залал келтірілуі мүмкін келісімдерді үшінші тұлғалармен жасамауға.

4.1.28. Тапсырыс бершіге Шарт бойынша төлем жасауға қажетті құжаттарды ұсынуға.

4.1.29. Тапсырыс берушінің мүлігіне, өз жұмыскерлерінің және қосалқы мердігер жұмыскерлерінің меншігіне және денсаулығына зиян немесе залал келтіруге, сонымен қатар шартты орындау кезінде және оның салдарынан туындаған өз жұмыскерлерінің қаза болуына байланысты барлық тәуекелдерге жауапты болуға.

4.1.30. Тапсырыс берушіні Шарт бойынша Мердігердің (оның жұмыскерлерінің) әрекеттерінен/әрекетсіздігінен немесе Тапсырыс берушінің кінәлі әрекеттерінен/әрекетсіздігінен туындаған себептерді қоспағанда, кез келген басқа себептерден туындаған кез келген үшінші тарап қойған кез келген наразылықтар мен талаптардан қорғауға.

4.1.31. Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылған өз жұмыскерлерінің еңбек талаптарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сонымен қатар Мердігердің жұмыскерлері ҚР заңнамасын, соның ішінде қауіпсіздік және еңбекті қорғау, сондай-ақ қоршаған орта саласындағы заңнаманы сақтауына жүйелі түрде аудит (ішкі бақылау) жүргізуге.

4.1.32. Тартылған шетелдік персоналға қатысты қазақстандық персонал үшін тең жағдайлар мен еңбекақы төлеуді қамтамасыз етуге, оның ішінде:

4.1.32.1. Қазақстан Республикасының азаматтары және шетел азаматтары болып табылатын мердігердің, сондай-ақ оның қосалқы мердігерлерінің жұмыскерлері арасында кемсітушілікке, оның ішінде еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеуге;

4.1.32.2. Тапсырыс берушінің талабы бойынша олардың азаматтығын көрсете отырып, шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде тартылған мердігер жұмыскерлерінің және оның қосалқы мердігерлерінің саны мен лауазымдары туралы ақпарат беруге.

4.1.33. Осы Шарттың "Еңбек қатынастары саласындағы мердігерлік ұйымдарға қойылатын талаптар" №5 қосымшасында көрсетілген міндеттемелерін орындауға.

4.1.34. Жұмыстарды орындауға қажетті отандық Тауарларды, егер олар Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген болса, мұндай Тауарларды сатып алу бойынша кепілдік міндеттемені ұсына отырып сатып алуға.

4.1.35. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайынғы негізде Тапсырыс берушіге атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Мердігермен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсетіп, Шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер бойынша ақпаратты ұсынуға міндеттенеді. Тапсырыс беруші соңғы бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркелуі тұрғысынан тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.36. Көлік құралдарын пайдалану, көлік құралдарымен жұмыс істеу кезінде көлік құралдарының борттық мониторинг жүйесінің (КҚБМЖ) болуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ жүргізушілердің RoSPA және/немесе OPITO стандарттарына сәйкес "Қауіпсіз жүргізу" (Defensive driving) әдістемесі бойынша оқудан мердігердің/қосалқы мердігерлік ұйымның міндетті түрде өтуін қамтамасыз етуге; Шарттың осы тармағының талаптарына сәйкес келмейтін көлікке Тапсырыс берушінің аумағына кіруден бас тартылуы мүмкін, бұл ретте Мердігер Шарт бойынша жұмыстардың тиісінше және уақытылы орындалмағаны үшін жауапты болады.

4.1.37. Қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) берілген, жиынтығында қызметтер/жұмыстар көлемінің (құнының) ¼ аспайтын жұмыстар мен қызметтердің шекті көлемін сақтауға міндетті. Қосалқы мердігерлердің құрамын өзгерту қажет болған жағдайда (мәлімделген шекті көлемдер шеңберінде) Мердігер бұл туралы Тапсырыс берушіні қосалқы мердігерлердің жаңартылған құрамын келісе отырып жазбаша түрде хабардар етуге, сондай-ақ Тапсырыс берушіге Шарт шеңберінде жасалған барлық қосалқы мердігерлік шарттардың оларды тарту сәтінде олардың көшірмелерін беруге міндетті. Қосалқы мердігерлердің болуы мердігерді шарт бойынша материалдық немесе басқа жауапкершіліктен, соның ішінде Тапсырыс берушінің өндірістік, еңбек тәртібін және ішкі ережелерін (ішкі еңбек тәртібі, өткізу режимі және жатақханаларда тұру ережелері және т.б.) бұзғаны үшін босатпайды. Тапсырыс беруші қосалқы Мердігерге қосалқы мердігердің мердігермен шартты бұзуына байланысты талаптар қоюға құқылы.

4.1.38. Егер осы Шарттың орындалуы келесі күнтізбелік жылға ауысатын болса, онда Тапсырыс берушіге келесі жылдың 15 қаңтарына қарай алдынғы күнтізбелік жылға жеткізілген тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің көлеміне елішілік құндылық үлесінің аралық нақты есебін/есептеуін ұсынуға;

4.1.39. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету процесін тоқтатпауға; Жұмыстарды орындау / қызметтер көрсету үшін тартылған персоналдың қатысуымен ереуілдер, наразылық акциялары, локауттар және өзге де еңбек жанжалдары туындаған жағдайда Мердігер өз ұйымының бірінші басшысының осындай жағдайларға байланысты кез келген мәселелерді реттеу жөніндегі іс-шараларға тікелей қатысуын қамтамасыз етуге міндеттенеді Мердігер персоналдың жұмысын еңбек жанжалдары туындаған кезеңде жұмыстарды орындауды/қызметтерді көрсетуді толық тоқтатуды болдырмайтындай етіп ұйымдастыруға міндетті. Қажет болған жағдайда, Мердігер Тапсырыс беруші алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін қосымша персоналды немесе қосалқы мердігерлерді тартуға міндетті. Мердігер ереуілдер, наразылық акциялары, локауттар және басқа да еңбек жанжалдары кезіндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеуге, Тапсырыс берушімен келісуге және бекітуге, сондай-ақ жұмыстарды орындау/қызмет көрсету кезінде кідірістерді барынша болдырмау үшін персоналды осы жағдайларды реттеу жөніндегі шараларға уақтылы оқытуға міндетті. Мердігердің өз күшімен реттеуге болмайтын еңбек жанжалдары туындаған жағдайда, ол осы әрекеттерді Тапсырыс берушімен алдын ала келісе отырып, дауды тезірек шешу үшін өз есебінен білікті медиаторларды немесе мамандарды тартуға міндетті. Ұжымдық еңбек дауы туындаған жағдайда Тапсырыс берушіге жұмыскерлердің алға қойған ұжымдық талаптарына байланысты барлық қажетті ақпарат пен құжаттаманы (дәлелді ұстаным, талаптарды қанағаттандыру мүмкін документыстігін растайтын құжаттар және т.б.) ұсыну.

4.1.40. Өз есебінен мердігердің (қосалқы мердігерлердің) жұмыскерлерін тасымалдауды, Шартты орындау кезінде олардың тұруы мен тамақтануын, сондай-ақ, егер шартта өзгеше белгіленбесе, техниканы, жабдықтар мен материалдарды кез келген жерден жұмыстарды орындау орнына дейін және кері жұмылдыруды және демобилизациялауды қамтамасыз етуге; Өз жабдықтарын, техникаларын жақсы жарамды күйде ұстауға және жұмыстарды орындау орнында кез келген уақытта мердігердің қосалқы бөлшектерінің, жабдықтары мен материалдарының жеткілікті қорының болуын қамтамасыз етуге;

4.1.41. Шартты орындау үшін қажетті барлық қолданылатын материалдарды, жабдықты, көлікті және арнайы техниканы пайдалану және қолдану алдында Тапсырыс берушімен келісуге;

4.1.42. Пайдаланылатын материалдардың/қосалқы бөлшектердің/жинақтауыштардың, конструкциялардың, жабдықтардың сапасына толық жауапты болуға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда оларды ауыстыруға және/немесе Тапсырыс берушіні жазбаша хабардар еткеннен кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде өз есебінен ақауды жоюға міндетті.

4.1.43. Тапсырыс берушінің аумағында, оның ішінде құрылыс және жұмыс алаңдарында орналасқан шартты орындау үшін қажетті материалдардың, жабдықтардың, құралдардың, көлік пен арнайы техниканың және т.б. сақталуын, сондай-ақ Тапсырыс беруші оны қабылдаған сәтке дейін жұмыс нәтижесінің сақталуын өз есебінен қамтамасыз етуге;

4.1.44. Орындалатын жұмыстар бойынша тәуекелдерді өз есебінен сақтандыруды жүзеге асыруға, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, жұмыскерлерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өндірістегі жазатайым оқиғалардан және кәсіптік аурулардан, сондай-ақ қоршаған ортаға келтірілген залалдың зардаптарын жою жөніндегі шығындарды қоса алғанда, қоршаған ортаның ластануына байланысты жауапкершілік тәуекелдерін, сондай-ақ үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруға;

4.1.45. Тапсырыс берушіге Шарт бойынша берілген жұмыстардың нәтижелеріне үшінші тұлғалардың айрықша және өзге де құқықтарының және тиісінше олар бойынша ақшалай талаптардың болмауын қамтамасыз етуге; Тапсырыс берушінің талабы бойынша Мердігер орындалған жұмыстардың нәтижелеріне немесе олардың бір бөлігіне айрықша құқықтарды Тапсырыс берушіге беруге міндеттенеді.

4.1.46. Шарт бойынша жұмыстарды орындау аяқталғаннан кейін немесе Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша шартты орындау үшін Тапсырыс берушіден алынғанның бәрін қайтаруға (қағаз және электрондық тасымалдағыштағы ақпарат, құжаттама, сызбалар мен

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

жоспарлар және т.б.).

4.1.47. 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде, егер залал белгіленген тәртіппен дәлелденсе және күшіне енген сот актісімен расталса, қызметтік міндеттерін атқару кезінде де, олармен байланысты емес те, соның ішінде Тапсырыс берушінің аумағында болған кезде де Мердігер жұмыскерлер персоналының заңсыз әрекеттерінен келтірілген залалды өтеуге; Залалды өтеу Мердігердің қаражаты есебінен, соның ішінде барлық жасалған және қолданыстағы шарттар бойынша Тапсырыс берушінің Мердігерге төлеуіне тиесілі сомалар есебінен жүргізілуге тиіс. Осы тармақтың күші Мердігер осы Шарт бойынша жауапты болатын жұмыстарға (қызметтерге) тартқан барлық қосалқы мердігерлерге де қолданылады.

4.1.48. Шарттың мәні жобалау алдындағы, жобалау жұмыстарын сатып алу болып табылған жағдайда Мердігер жобалау алдындағы және/немесе жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган қалыптастыратын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің және оларды берушілердің дерекқорына енгізілген құрылыс материалдарын, жабдықтарын, бұйымдары мен конструкцияларын (бар болса) көрсетуге тиіс.

4.1.49. Егер Шарттың мәні белгіленген тәртіппен бекітілген сметалық, жобалау алдындағы, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы бар құрылыс-монтаждау жұмыстарын сатып алу болып табылса, мердігер салынып жатқан объектіні монтаждауға, жарақтандыруға және (немесе) құрылыс кезінде тұтынуға жататын тауарларды сметалық, жобалау алдындағы, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына, веб-порталда ұсынылған коммерциялық ұсыныстар негізінде сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан алынатын құжаттамаға сәйкес сатып алуға міндетті. Мердігер коммерциялық ұсыныстарды тауардың бағасы мен сипаттамаларының сметалық, жобалау алдындағы, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан Тапсырыс берушімен шарт жасалған күнге дейінгі мерзімде (тендер қорытындысы бойынша) қарайды. Тауардың бағасы мен сипаттамалары жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда мердігер сатып алынатын тауардың тауар өндірушісімен және/немесе тендер қорытындыларын шығару күніне ең төмен бағаны ұсынған сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйыммен шарт жасасуға тиіс. Бұл ретте коммерциялық ұсыныстар берілген жағдайда, коммерциялық ұсыныс берілген кезде ұсынылатын тауарларды жеткізуге арналған шарт болған, сондай-ақ тауардың бағасы мен сипаттамалары сметалық, жобалау алдындағы, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының талаптарына сәйкес келмеген жағдайды қоспағанда, мердігер тендер қорытындылары шығарылғаннан кейін осы тармақта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатылмайды. Осы тармақтың нормасы орындалмаған жағдайда мердігер шарттың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түріндегі міндеттемені орындамағаны үшін жауапты болады, оны мердігер төлеуі тиіс немесе Тапсырыс беруші Тараптар орындалған жұмыстардың тиісті (түпкілікті) актісіне қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін. Мердігердің осы тармақта көзделген міндеттемені орындауын растау Мердігердің Тараптардың орындалған жұмыстардың тиісті (түпкілікті) актісіне қол қойған күніне дейін сатып алынатын тауарларды тауар өндірушіден/сатып алынатын тауарлар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымнан (ұйымдардан) тауарларды сатып алу туралы шарттың (шарттардың) көшірмелерін, тауарларды қабылдау-тапсыру актілерін ұсыну болып табылады.

4.1.50. Шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауарлардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуға

4.1.51. Мердігер салық заңнамасының талаптарын сақтай отырып, шартта көзделген жұмыстарды орындауға, оның ішінде тиісті салықтар мен міндетті төлемдерді уақтылы және дұрыс есептеуді, сондай-ақ салық органына салық есептілігін жасаудың дұрыстығын және уақтылы ұсынуды қамтамасыз етуге міндетті. Мердігер осы тармақты және шарттың өзге де талаптарын тиісінше орындамаған жағдайда, дұрыс емес ақпарат беруді қоса алғанда, Мердігер Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тапсырыс берушіде туындаған залалдарды, соның ішінде қосымша есептелген салықтар мен айыппұл санкцияларын өтеуге міндеттенеді. Залалдарды өтеу жөніндегі міндеттеме Тапсырыс беруші үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген талап қою мерзімі ішінде қолданылады.

4.1.52. Егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және/немесе тексерулер, сондай-ақ өзге де іс-шаралар шеңберінде шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды көрсетпеу (төлемеу) не растамау фактілерін анықтаған жағдайда, соның салдарынан Тапсырыс берушіге ҚҚС асып кеткен соманы Қазақстан Республика бюджетінен қайтарудан бас тартылатын болса не салықты қосымша есептеу артылса, Өнім беруші Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарудан бас тартылған ҚҚС асып кетуінің барлық сомасын, сондай-ақ қаржылық санкцияларды қоса алғанда, барлық өзге де есептелген салықтарды өтеуге міндеттенеді. Осы тармақта көзделген шарт Мердігердің өзімен тікелей өзара қарым-қатынаспен шектелмейді, сондай-ақ қандай да бір негіздер бойынша Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысуларды растамау, қосылған құн салығын қайтармау және Тапсырыс берушіге мемлекеттік органдар ұсынған салықтар мен қаржылық санкцияларды қосымша есептеу жағдайларына әкеп соққан Мердігердің өнім берушілерімен өзара қарым-қатынастарға да қолданылады.

4.1.53. Егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі және/немесе тексерулер, сондай-ақ өзге де іс-шаралар шеңберінде босату шарттарының мердігерге қолданылмауы себебінен төлем көзінен салық салудан босатуды негізсіз қолдануды белгілесе, онда мердігер Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне төленуге жататын салықтар мен қаржылық міндеттемелердің барлық сомасын өтеуге міндеттенеді. Тапсырыс беруші көрсетілген оқиғаның басталу фактісін растайтын барлық қажетті құжаттарды ұсынады.

4.1.54. Техникалық сипаттамаға толық сәйкес Шартта көзделген көлемде және мерзімдерде жұмыстарды уақтылы және тиісінше

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

орындайды және оларды орындалған жұмыстарды қабылдау актісі бойынша Тапсырыс берушіге тапсырады.

4.1.55. Тапсырыс берушінің жазбаша талабы бойынша Шарттың шарттарына сәйкес барлық кемшіліктерді өз қаражаты есебінен түзету.

4.1.56. Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін Мердігердің Жұмыстарды тиісті түрде орындау үшін қажеттілігі туындайтын ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген барлық рұқсаттары, лицензиялары және басқа да құжаттары болуы міндетті.

4.1.57. Жұмыстарды орындау кезінде Тапсырыс берушіге қажетті қорытындыларды бере отырып, ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген сапаны бақылаудың барлық түрлерін жүргізу.

4.1.58. Осы Шарттың талаптарына сәйкес, сондай-ақ 61.165.22 «Күзет бекетінің күзет дабылдамасы» жобалық-сметалық құжаттамасына сәйкес, Павлодар қаласы, Химкомбинатовская көшесі, 1, Шартта және оған қосымшаларда көзделген талаптарда жұмыстарды тиісті түрде және мерзімдерде, сондай-ақ толық көлемде орындайды.

4.1.59. Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа да міндеттерді атқаруға міндеттенеді.

4.2. Мердігер:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.2.2. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уақтылы қабылдауды және Орындалған жұмыстардың актісіне (актілеріне) қол қоюды талап ету;

4.2.3. Тапсырыс берушіден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

4.2.4. Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінімде көрсетілген мамандарды, жабдықтарды, техниканы (техникалық құрылғыларды), үй-жайларды және бағдарламалық қамтылымды оларға балама болатындарымен ауыстыруға;

4.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.6. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Мердігер көрсеткен қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жиынтығында ¼-ден аспайтын Жұмыстар (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемін (құнын) қосалқы орындаушыларға (бірлесіп орындаушыларға) ұсынуға;

4.2.7. Жұмыстар басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

4.2.8. Тапсырыс берушіден енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге құқылы.

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Орындалған Жұмыстарды Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға;

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Орындалған жұмыстар актісіне Мердігерден Жұмыстарды орындау актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

4.3.4. Мердігерден жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Мердігердің өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

4.3.5. Мердігерге Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ол енгізген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруға міндеттенеді.

4.3.6. Орындалатын жұмыстардың көлемінің және сапасының нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға міндетті;

4.4. Тапсырыс беруші:

4.4.1. Мердігерден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

4.4.2. Шарттың құнын тиісінше азайта отырып, Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың нақты бір

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

көлемін қабылдаудан бас тартуға;

4.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта қарастырылған негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға;

4.4.4. Кез келген уақытта Мердігердің қызметіне араласпай, Мердігер орындайтын Жұмыстардың барысын, сапасы мен толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге;

4.4.5. Тапсырыс беруші шарттық міндеттемелердің талаптарына сәйкессіздіктер мен бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс беруші Тапсырыс беруші мен Мердігердің өкілдері қол қойған тиісті актіде анықталған бұзушылықтарды көрсетеді (мердігердің актіге қол қоюдан бас тартуы Шартта көзделген тиісті шараларды қолданбауға негіз болып табылмайды), бұл ретте мердігерге (қосалқы мердігерге) көрсетілген сәйкессіздіктерді жойғанға дейін жұмыстарды орындау үшін өндірістік объектілерге кіруге бас тартылуы мүмкін.

4.4.6. Мердігерден Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтарды жою туралы Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда есептелген айыппұлдар сомасын өндіріп алуға құқылы.

4.4.7. Тапсырыс беруші Мердігердің елішілік құндылықты болжамды есептеуді ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.8. Жұмыс барысында немесе одан кейін кемшіліктерді жоюды талап етуге;

4.4.9. Мердігер кемшіліктерді жою жөніндегі өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда жұмыстарды (немесе оның бір бөлігін) орындаудың аяқталғаны немесе тоқтатылғаны туралы жазбаша хабардар етуге;

4.4.10. Мердігердің атауын, шоттың нөмірін және төлем мақсатын қоса алғанда, осы Шарт бойынша төлем сомалары туралы ақпаратты, сондай-ақ "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ АҚ сұрау салуы бойынша осы Шарт бойынша кез келген ақпаратты қамтитын "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ АҚ қауіпсіз мекенжайына банктік үзінді көшірмені ұсынуға;

4.4.11. Мердігерден шарттың орындалуына байланысты ақпарат пен құжаттарды сұратуға;

4.4.12. Қосымша келісім жасау арқылы жұмыс қажеттілігін азайтуға; Бұл ретте Тапсырыс беруші орындалған жұмыстардың нақты көлемі үшін мердігерге ақы төлейді;

4.4.13. Анықталған бұзушылықтар немесе сәйкессіздіктер толық жойылғанға дейін мердігердің немесе қосалқы мердігердің/лердің персоналы мен көлік құралдарының Тапсырыс берушінің ішкі қағидаларының және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарының талаптарын сақтамағаны үшін Тапсырыс берушінің объектілеріне кіруін шектеуге құқылы.

5. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Мердігер орындалған Жұмыстарды тапсырғанда және Тапсырыс беруші оны қабылдағанда екі Тарап қол қойған орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісін/ орындалған жұмыстар актісін ресімдейді. Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар (көрсетлген қызметтер актісін) алғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде Жұмыстарды қабылдайды және оған қол қояды немесе Мердігерге орындалған Жұмыстарды қабылдаудан бас тарту туралы жазбаша дәлелді жібереді. Тапсырыс беруші орындалған жұмысты қабылдаудан бас тартқан жағдайда Тараптар екітарапты актіні құрастырып, бұнда Жұмыстағы кемшіліктерді, сондай-ақ оларды жою талаптары мен мерзімдерін көрсетеді. Мердігер актіге қол қою сәтінен бастап 30 жұмыс күні ішінде Жұмыстардағы барлық кемшіліктерді жояды. Мердігер Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша Шарт бойынша орындалған жұмыстарға қатысты Тапсырыс берушіге қажетті барлық құжаттарды актіге қол қою үшін ұсынуға міндетті.

5.2. Тапсырыс беруші №1, 2-қосымшаға және шарттың өзге талаптарына сәйкес орындалған Жұмыстарды тексереді.

5.3. Орындалған жұмыстың көлемі мен сапасы туралы шағымды Тапсырыс беруші Мердігерге қарапайым қабылдау әдісімен (жасырын ақаулар) анықталмаған кемшіліктерді анықтау сәтінен бастап 30 жұмыс күні ішінде ұсынады. Егер Мердігер 7 жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай талап Мердігер тарапынан танылған болып саналады.

5.4. Орындалған жұмыстарда кемшіліктер мен ескертулер анықталған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушімен келісілген мерзімде анықталған ескертулер мен кемшіліктерді жоюға міндет алады, бұл ретте ескертулерді жоюға байланысты шығындар Мердігер есебінен жүзеге асырылады.

5.5. Шарт бойынша Жұмыстарды мерзімінен бұрын аяқтаған жағдайда Мердігер Жұмыстарды мерзімінен бұрын тапсыруға, ал Тапсырыс беруші Шарт талаптары бойынша мерзімінен бұрын орындалған жұмыстарды қабылдауға және төлеуге;

5.6. Тапсырыс беруші орындалған жұмыстарды қабылдау кезінде Орындаушының Шарттың 4.1.37-тармағын қосалқы мердігерлерді тарту

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

тәртібі мен көлемінің сәйкес келмеуі бөлігінде бұзушылықтарын анықтаған жағдайда Тапсырыс беруші Шарттың 7-бөліміне сәйкес Мердігерді жауапкершілікке тартуға құқылы.

5.7. Мердігердің барлық міндеттемелерін орындауы (Кепілдік кезең міндеттемелерін қоспағанда) келесі шарттардың барлығы орындалғаннан кейін аяқталды деп есептеледі: - барлық жұмыстар аяқталған; - Жұмыстардағы барлық ақаулар жойылған; - орындалған жұмыстардың сәйкестігі туралы декларация толтырылған және оған қол қойылған (қажет болған жағдайда); - Мердігердің қызметкерлері құрылыс алаңынан және зауыт аумағынан кеткен кезде; - Мердігердің барлық құрылыс техникасы, қоқысы, шығыс материалының қалдықтары, уақытша ғимараттары мен құрылыстары зауыт аумағынан тиісті тәртіппен әкетілген жағдайда. Тараптар осы тармақта көзделген барлық шарттар орындалған күні (Жұмыстардың аяқталу күні) орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) түпкілікті Актісіне қол қоюға тиіс.

6. Кепілдіктер мен сапа

6.1. Барлық орындалған жұмыстардың сапасы Шартқа қосымшаларда көзделген Тапсырыс берушінің талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданылатын нормативтік құжаттардың (МЕМСТ, ҚР СТ, ТТ, ССТ, техникалық регламент және т.б.) талаптарына толық сәйкес келуі тиіс.

6.2. Мердігер орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) соңғы актісіне қол қойылған күннен бастап 12 ай ішінде қажетті пысықтауларды қамтамасыз ету және шарттың қолданылу кезеңінде өзі орындаған жұмыстардың құрамына жататын ақаулар мен кемшіліктерді жою бөлігінде кепілдік қолдауды (бұдан әрі - Кепілдік қолдау) жүзеге асыруға тиіс. Кепілдік қолдау шеңберінде мердігер өз есебінен және тәуекел арқылы кепілдік кезеңінде анықталған ақаулар мен кемшіліктерді уақтылы жоюға міндеттенеді.

6.3. Шарт бойынша орындалған жұмыстардың құрамы мен сапасына ақаулар мен кемшіліктерді тіркейтін актіні жасауға қатысу, оларды жою тәртібі мен мерзімдерін келісу үшін Мердігер Тапсырыс берушіден хабарлама алған сәттен бастап күнтізбелік 3 күннен кешіктірмей (жазбаша, электрондық пошта арқылы) өз өкілін жіберуге міндетті. Бұл жағдайда кепілдік қолдау мерзімі сәйкесінше ақаулар мен кемшіліктерді жою кезеңіне ұзартылады.

6.4. Мердігер анықталған ақаулар мен кемшіліктер актісін жасаудан немесе оған қол қоюдан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші біржақты акт жасайды, онда барлық ақаулар, кемшіліктер көрсетіледі және мердігердің қол қоюдан бас тартқаны туралы жазба жасалады. Кепілдік қолдау көрсету бойынша барлық қажетті қосымша іс-шараларды мердігер өз есебінен және өз тәуекеліне жүзеге асырады.

6.5. Аяқталған объектіні пайдалану кезінде жасырын кемшіліктер, ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 630-бабында көзделген жалпы мерзімдер ішінде және 6.2-тармақта көзделген кепілдік мерзімі ішінде құқығы болады. Өз таңдауы бойынша Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 635-бабында көзделген құқықтардың бірін (ерекше бөлігін) жүзеге асырсын не мердігерден жұмыстарды өтеусіз қайта орындауды немесе Тапсырыс беруші өз қаражатымен кемшіліктерді жоюға жұмсаған шығыстарды өтеуді талап етеді.

6.6. Мердігер Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша жұмыстардың нәтижелеріне айрықша құқықтар үшінші тұлғаларға берілмейтініне кепілдік береді. Үшінші тұлғалар Тапсырыс берушіге жұмыс нәтижелеріне айрықша құқықтарға қатысты шағымдар ұсынған жағдайда, мердігер осы кепілдіктердің шарттары бұзылған жағдайда Тапсырыс берушіге осыған байланысты барлық шығындарды толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Мердігер:

7.2.1. Бірыңғай әдістемеге сәйкес белгіленген нысан бойынша жұмыстардағы елішілік құндылықтың нақты есебін ұсынбаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге өткізілген әр күн үшін Шарт сомасынан 0,1% мөлшерде, бірақ Шарт сомасының 10% аспайтын көлемде өсімпұл төлейді.

7.2.2. Мердігер сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан Жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемелерді белгіленген тәртіппен орындамаған жағдайда, Мердігер орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің қабылданғанын-берілгенін растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді беруші төлеуге тиіс немесе Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін, міндеттеме бұзыла отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түрінде міндеттемені орындамағаны үшін жауапты болады;

7.2.3. Мердігер Шартта қарастырылған Жұмыстарды орындау мерзімдерін кешіктірген жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы орындалмаған жұмыстар құнының 0,1% мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті.

7.2.4. Мердігер Шарт талаптарына және Техникалық сипаттамаға сәйкес Жұмыстардың орындалу көлемі мен сапасын бұзған жағдайда Тапсырыс беруші әрбір жеке жағдайда, Мердігерден Шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде айыппұл төлеуді талап

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

етуге құқылы.

7.2.5. Мердігер Шарттың осы бөлімімен қарастырылмаған Шарт бойынша өзге де міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті орындамаған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігердің міндеттемені бұзған әр күні үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1 % көлемінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10% аспайтын мөлшерде өсімпұлды өтеуін талап етуге құқылы.

7.2.6. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Мердігердің өкілдері ҚР заңнамасымен және Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарымен белгіленген қауіпсіздік және еңбекті қорғау, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтамау нәтижесінде пайда болған ықтимал уақиғалар, соның ішінде Мердігер жұмсыкерлерінің еңбек жағдайының қауіпсіздігі үшін Тапсырыс беруші мен бақылаушы мемлекеттік органдар алдында толық жауапты болады.

7.2.7. Мердігердің және оның қосалқы мердігерлерінің/бірлесіп орындаушыларының Қазақстан Республикасы азаматтарының және шетел азаматтарының жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бергені үшін Мердігер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

7.2.8. Шарттың талаптарына сәйкес шартты орындау үшін тартылған мердігер жұмыскерлерінің жалақысы мен әлеуметтік қолдау шығыстарын ұлғайту жөніндегі міндеттемелер орындалмаған жағдайда мердігер шарттың жалпы құнының кемінде 10% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, оны мердігер төлеуі тиіс немесе Тапсырыс беруші орындалған жұмыстарды қабылдау-тапсыруды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін.

7.2.9. Мердігер Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою бойынша Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда, Мердігер әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы құнының 10%-нан аспайтын тұрақсыздық айыбы түрінде жауапты болады.

7.2.10. Мердігер елішілік құндылық бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда Тапсырыс берушіге Шарт сомасынан 5% мөлшерде, сондай-ақ орындалмаған елішілік құндылықтың әрбір 1% үшін 0,15% мөлшерде, бірақ шарттың жалпы құнының 10% аспайтын көлемде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.11. Жұмыстарды орындаудан бас тартқан немесе оларды орындауға мүмкіндік болмаған жағдайда, не Мердігердің бастамасы бойынша немесе Мердігер шарт талаптарын елеулі түрде бұзуына байланысты Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша шарт бұзылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасынан 10% мөлшерде айыппұлды төлеуге міндет алады.

7.2.12. Мердігер Кепілдік қолдау кезеңінде пайда болған ақаулар мен кемшіліктерді жою мерзімдерін негізсіз бұзған жағдайда Мердігер әрбір мерзімі өткізілген күнтізбелік күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1 % көлемде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10% аспайтын мөлшерде Тапсырыс берушіге өсімпұл төлеуге міндеттенеді.

7.2.13. Кепілдік қолдау кезеңі ішінде пайда болған ақаулар мен кемшіліктер жойылмаған жағдайда Мердігер Шарттың жалпы сомасынан 10% мөлшерде Тапсырыс берушіге айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.14. Жұмыстардағы ақаулар мен толық орындамауларды, анықталған кемшіліктерді уақытылы жоймағаны үшін Мердігер мерзімі өткізілген әр күнтізбелік күн үшін Жұмыстарды орындау кестесіне сәйкес Жұмыстардың тиісті кезеңіне берілген құнынан 0,1% көлемде, бірақ Жұмыстардың тиісті кезеңіне берілген құнынан 10% аспайтын мөлшерде Тапсырыс берушіге өсімпұл төлеуге міндетті.

7.2.15. Мердігер жұмыскерлері Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдерінің талаптарына сәйкес берілген рұқсаттаманы жоғалтқан (бүлдірген) жағдайда, Мердігер рұқсаттама құнын (кәсіпорында жоғалған (бүлінген) кезде қолданылатын бағаларға сәйкес) өтеуге, Тапсырыс берушіге әрбір жоғалған (бүлінген) жағдай үшін 3 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде рұқсатнаманы жоғалтқаны (бүлдіргені) үшін айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.16. Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган қалыптастыратын тауарлар, жұмыстар, қызметтер дерекқорына енгізілген құрылыс материалдары, жабдықтар, бұйымдар мен құрылымдар және оларды жеткізушілер (бар болса) жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында негізсіз көрсетілмеген жағдайда, Мердігер шарттың жалпы құнының кемінде 10% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, оны Мердігер төлеуі тиіс немесе Тапсырыс беруші Тараптар түпкілікті орындалған жұмыстар актісіне қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін.

7.3. Мердігер осы Шарт бойынша Мердігер Тапсырыс беруші алдында берешек болғанда, сондай-ақ Мердігердің Тапсырыс беруші алдындағы басқа да міндеттемелері болған жағдайда біржақты тәртіпте, акцептсіз, өтелмеген берешек сомасын Шарт бойынша төлем сомасынан ұстап қалуға Тапсырыс берушінің құқығы барын мойындайды.

7.3.1. Мердігер Жұмыстарды орындамаған немесе тиісті орындамаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіні үшінші тұлғалардың шағымдарынан, Тапсырыс берушінің мүлкі мен беделіне нұқсан келтіруден және басқа да келеңсіз жағдайлардан қорғау шараларын қабылдауға міндетті.

7.3.2. Мердігер шартта белгіленген мерзімде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаған жағдайда Тапсырыс беруші осы Шартты біржақты тәртіппен бұзады, әлеуетті өнім беруші енгізген өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады, сатып алу мәселелері

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

жөніндегі уәкілетті органға мердігер туралы мәліметті Қордың сенімсіз өнім берушілерінің тізбесіне енгізу үшін ақпарат жібереді (дегенмен сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің соңғы мерзімі өткенге дейін Мердігердің сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған жағдайларды қоспаған жөн).

7.4. Тапсырыс беруші:

7.4.1. Шарт бойынша төлемдердің (соның ішінде аванстық төлемдерді) мерзімін негізсіз өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімі өткізілген әр күнтізбелік күн үшін берешек сомадан, бірақ шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті.

7.4.2. Тараптардың бірінің міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы өзара міндеттерді орындау және қарсы талаптарды қанағаттандыру кезінде екінші Тарапты өз міндеттерін орындаудан босатады.

7.4.3. Мердігер ұсынған шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кешіктірілген жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуі тиіс, бірақ Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 10%-нан аспауы керек.

7.4.4. Оның пайдасына тұрақсыздық айыбы төленетін Тараптың талабы бойынша залалдар тұрақсыздық айыбынан (өсімпұл, айыппұл) артық толық сомада өтелуі тиіс.

7.4.5. Тапсырыс беруші жұмыстарды қабылдауды кешіктірген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден әрбір күнтізбелік күн үшін мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы.

7.4.6. Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісіне қол қоюды кешіктірген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін кешіктіру сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы.

7.5. Шарттың әрекетінің тоқтатылуы жағдайында, егер Жұмыстардың нақты орындалуы Тапсырыс беруші төлеген алдын ала төлем сомасынан кем болса, Тапсырыс беруші аванстың қайтарылуын қамтамасыз етудің енгізілген сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

7.6. Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Мердігер туралы мәліметті енгізу үшін сатып алу мәселесі жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгілеген тәртіппен жолдайды.

7.7. Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны және осыған байланысты келтірілген залалдары үшін Мердігерге есептелген айыппұл сомасын ұстап қалуға құқылы.

7.8. Тапсырыс беруші өз пайдасына тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды), Тапсырыс берушіге келтірілген залалды және Мердігер Тапсырыс берушіге төлеуге жататын басқа да төлемдерді Мердігерге тиесілі сомадан ұстап қалуға құқылы. Мердігер тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуге Тапсырыс берушінің Мердігерге берген фактура-шоты орындалған жұмыстарға ақы төлеуге және тұрақсыздық айыбын төлеуге қарсы біртекті талаптарды есепке алу мақсатында өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне енгізілуі мүмкін екендігімен келіседі.

7.9. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.10. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуді Тараптар талап-арызды алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

7.11. Заңнама талаптарын және Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарын, соның ішінде еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы құжаттарды сақтамауына байланысты Мердігердің кінәсінен туындаған уәкілетті мемлекеттік органдардың шешімдері бойынша кез-келген негізде сот тәртібімен Тапсырыс берушіден өндіріп алынған барлық ақшалай сомаларды, шығындарды, айыппұлдарды өтеуге келіседі. Сондай-ақ Тапсырыс берушіге, оның мердігерлеріне және (немесе) ол тартқан тұлғаларға, сондай-ақ Мердігердің, оның қосалқы мердігерлерінің, олардың жұмыскерлерінің немесе тарқан тұлғалардың немесе Тапсырыс беруші мен Мердігер арасындағы шарттық қатынастардан туындайтын тұлғалардың кез келген әрекеттері және/немесе әрекетсіздігі нәтижесінде жоғарыда аталған тұлғалардың мүлкіне келтірілген барлық шығындарды өтесін.

7.12. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша төлем жасаған және Мердігер осы Шарт бойынша міндеттемелерді белгіленген мерзімде орындамаған немесе тиісінше орындамаған және (немесе) Шартты бұзу (соның ішінде оны бұзу арқылы) жағдайында Мердігер Тапсырыс берушінің бірінші жазбаша талабы бойынша жіберілген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей алынған қаражатты (жұмсалуы жұмыстарды/қызметтерді қабылдау актілерімен расталмаған) қайтаруға міндеттенеді. Қайтару мерзімі бұзылған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тапсырыс берушінің ақшасын заңсыз пайдаланғаны үшін әрбір кешіктірілген күн үшін қайтарылуға жататын соманың 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспауы тиіс.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7.13. Тапсырыс беруші құжаттарды уақытылы ұсынбаған жағдайда (егер шарт талаптары бойынша мердігердің жұмыстарды орындау үшін мердігерге құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Мердігер шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Мердігер тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өткен залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

7.14. Егер мердігер жұмыстарды уақытылы орындамағанын немесе мердігердің жұмыстардың барлығын немесе бір бөлігін орындамағаны Тапсырыс берушінің кінәсінен болғанын дәлелдеген жағдайда, Тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын қолданбауға/өндіріп алмауға құқылы.

7.15. Шарттың 7-бөлімінде көзделген бір немесе бірнеше мән-жайлар туындаған кезде Тапсырыс беруші шектеусіз бір мезгілде бірнеше айыппұл санкцияларын қолдануға құқылы.

7.16. Жұмыстарды нақты орындау кезінде Тапсырыс беруші төлеген алдын ала төлемнен аз сомаға Шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда, Тапсырыс беруші енгізілген авансты қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

7.17. Мердігер Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы салдарынан өтелуге жататын және Тапсырыс берушіге тиесілі нақты залал сомаларын Тапсырыс берушінің осы Шарт және Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында жасалған өзге де шарттар бойынша төленуге жататын сомалардан ұстап қалуына келіседі.

7.18. Осы Шарт бойынша міндеттемелер бұзылған жағдайда, кінәлі тарап екінші тарапқа тек қана нақты келтірілген және құжатпен расталған залалды өтеуге міндетті. Жоғалған пайда (алынбаған табыстар) өтелуге жатпайды.

7.19. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартпен қарастырылған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Жобаға не Сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын өзгерте алатын өзгерістерді және/немесе Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша Мердігерді таңдау үшін негіз болған ұсыныстарды енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бір жақты бас тартуға: 1) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 404-бабы 2-тармағында көзделген; 2) өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде; 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты; 4) Консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау процесінде Тапсырыс берушінің әлеуетті өнім берушінің мүдделер қақтығысының жоқтығы туралы анық емес ақпаратты және/немесе жалған мәліметтерді ұсынуын анықтауы. Бұл ретте Тапсырыс беруші сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес өнім берушінің залалды өтеуін талап етуге құқылы; 5) Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген; 6) сатып алу туралы шарттың тараптарының бірі шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде; 7) Тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда ғана құқылы. Жұмыстардың негізделген орынсыздығына байланысты Тапсырыс беруші Мердігерге ол нақты іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда Сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға жол беріледі.

8.4. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесінің атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Мердігерге Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

8.5. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

8.6. Тапсырыс беруші Шартты біржақты тәртіпте орындаудан бас тартқан кезде, Тапсырыс беруші Мердігерге Шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетілуі тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енген күні ескерілуі керек.

8.7. Тапсырыс берушінің Шарттан бас тартуы жағдайында, Шарттың 8.3-бабына сәйкес, Тапсырыс беруші Мердігерге нақты орындалған Жұмыстардың құнын төлейді, алдын ала төлемдер (бар болған жағдайда), Мердігер төлеуге міндетті өсімпұлдар және Тапсырыс берушінің шығындары шегерілгеннен кейін. Егер Шартты бұзуға байланысты Тапсырыс берушінің шегерулері жалпы сомасы Мердігерге тиесілі жалпы сомадан асып кетсе, айырма Мердігер тарапынан Тапсырыс берушіге өтеу қажет қарыз болып есептеледі.

8.8. Шарттың 8.6-тармағында көрсетілген хабарламада Шарттан бас тарту себебі көрсетілуі тиіс. Бұл ретте, Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Тараптар Шартты бұзу күнгі жағдай бойынша өзара есеп- айырысуларды салыстыру актісін қоса бере отырып, Шартты мерзімінен бұрын бұзу туралы жазбаша келісім ресімдеуі мүмкін, ал Мердігер көрсетілген құжаттарға қол қоюға және оларды өз мөрінің таңбасымен бекітуге міндетті.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

8.9. Тапсырыс беруші кез келген уақытта біржақты тәртіпте Шартты орындаудан бас тартуға (Шарттан бас тарту), егер Мердігер осы Шарт бойынша міндеттемелерді уақтылы орындауға кіріспесе немесе тараптар келіскен мерзімге дейін аяқтау мүмкін болмайтын міндеттемелерді соншалықты баяу орындаса, сондай-ақ Мердігер/қосалқы мердігерлер Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтары жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу саласында кемсітушілікке жол берсе, Мердігер еңбек қатынастары саласында анықталған Тапсырыс берушінің ескертулерін жоймаса не болмаса осы Шарттың №5-қосымшасында көрсетілген талаптарды қайта бұзса, Мердігер шарттың орындалуын қамтамасыз етпесе, Мердігер жүргізілген сатып алу нәтижелеріне және шарттық міндеттемелерді орындауға әсер ететін дәйексіз ақпаратты және/немесе жалған мәліметтерді ұсынса, сондай-ақ Мердігер Шартты өзге де елеулі бұзған жағдайда құқылы. Мердігердің Шартты елеулі түрде бұзуы деп Мердігердің осы Шарттан туындайтын міндеттемелерінің кез келгенін 10 (он) күнтізбелік күннен астам мерзімде орындамауы немесе тиісті деңгейде орындамауы түсініледі.

8.10. Тапсырыс беруші кез келген уақытта біржақты тәртіппен Шартты орындаудан бас тартуға (Шарттан бас тартуға) мынадай жағдайларда құқылы: Мердігер банкрот деп жарияланғанда, төлемге қабілетсіз деп танылғанда, Жұмыстарды жүзеге асыру құқығына арналған рұқсат беру құжаттарының (лицензиялардың), соның ішінде Мердігерді Жұмыстарды орындау құқығынан айыратын басқа да құжаттардың қолданысы тоқтатылғанда/олар болмағанда, сондай-ақ Мердігердің Шарт бойынша міндеттемелерді орындауын шектейтін сот актілері, сот орындаушыларының қаулылары болған жағдайда.

9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат жазысуды жүргізу, хабарламаларды, нұсқаулықтарды, келісімдерді, мақұлдауларды, сертификаттарды немесе басқа біреудің шешімдерін ұсыну немесе шығару қажет болса және егер басқаша келісілмеген болса, онда хат жазысудың бұл түрі негізсіз бас тартусыз және кідіріссіз жазбаша түрде жүзеге асырылады.

9.2. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-жазысулар бойынша барлық құжаттарда Шарттың нөмірі көрсетілген Тараптардың деректемелері болуы керек.

9.3. Осы Шарттың талаптарына сәйкес жазбаша нысанда жүзеге асырылуы тиіс кез келген хат-хабарлар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, мақұлдаулар, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа хабарламалар алдын ала ұсынылуы және қолға берілуі немесе тапсырысты пошта арқылы пошталық хабарламамен, факспен немесе электрондық пошта арқылы, түпнұсқасын кейіннен ұсына отырып, факсты/электрондық нұсқасын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жеткізілуі тиіс.

9.4. Курьерлік пошта, телекс, телеграмма немесе факс арқылы жіберілген кез келген хабарлама (бұрын алғанын растау болмаған жағдайда) жіберу кезінде жеткізілген болып саналады.

9.5. Поштаның жеткізілгенін растайтын пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің мөрі болған жағдайда тапсырысты (әуе) почта арқылы жіберілген хабарлама жеткізілді деп есептеледі.

10. Шарттың қолданылу мерзімі

10.1. Шарт Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін әрекет етеді.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Егер төтенше және болмай қоймайтын еңсерілмейтін күштің (форс-мажор) салдарынан Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған, тиісінше орындамаған немесе уақтылы орындамаған болса, онда Тараптардың ешқайсысы өз міндеттемелерін орындамағаны үшін мүліктік жауапкершілікті көтермейді.

11.2. Еңсерілмейтін күш жағдайларына: табиғи апаттар, әскери іс-қимылдар, лаңкестік актілер, Тараптар бақылай алмайтын авариялар, пандемиялар, эпидемиялар, Шартты орындау мүмкін еместігіне әсер еткен мемлекеттік органдардың немесе олар бақылайтын заңды тұлғалардың құқықтық актілері мен әрекеттері жатады.

11.3. Егер жоғарыда аталған мән-жайлардың кез келгені Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тікелей әсер еткен болса, онда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі тиісті жағдайлардың әрекет ету мерзіміне ұзартылады.

11.4. Форс-мажорлық жағдайлар туындаған жағдайда Тараптар дереу, бірақ олар туындаған сәттен бастап 3 күннен кешіктірмей жоғарыда аталған жағдайлардың басталуы, ықтимал ұзақтығы және аяқталуы туралы бір-бірін жазбаша хабардар етеді.

11.5. Форс-мажорлық жағдайлар туындаған жағдайда Тараптар туындаған жағдайға қатысты, сондай-ақ оның Шарт бойынша Тараптардың міндеттемелері мен құқықтарына әсері туралы әділ шешім қабылдау үшін дереу келіссөздер жүргізу үшін жиналады.

11.6. Хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тарапты өз міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкершіліктен босату үшін негіз ретінде жоғарыда аталған жағдайлардың кез келгеніне сілтеме жасау құқығынан айырады.

11.7. Еңсерілмейтін күш жағдайлары қатарынан 30 күнтізбелік күннен астам әрекет етуді жалғастырған жағдайда, Тараптардың кез келгені екінші Тарапты Шартты бұзу күнінен 30 күнтізбелік күн бұрын хабардар ете отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл жағдайда Тараптар Шарт бұзу күніне дейін 10 жұмыс күні ішінде Шарт бойынша өзара есеп айырысуды жүзеге асыруға міндетті.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

11.8. Құзыретті органдар/ұйымдар берген құжаттар жоғарыда аталған форс-мажорлық жағдайлардың болуы және олардың ұзақтығы туралы тиісті және жеткілікті дәлелі болады.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі.

12.2. Осы Шарт бойынша Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.3. Егер Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Павлодар облысының соттарында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз басымдықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарт мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын іс-әрекеттің пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның жұмыскерлерінің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны немесе бұзуы мүмкін екенін нақты растайтын немесе болжауға негіз беретін, пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру сияқты қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерде көрініс табатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

13.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.8. Мердігер осы шарт бойынша әрекет ететін онымен аффилиирленген барлық жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі олардың әрқайсысы «Аффилиирленген тұлға» деп аталады), соның ішінде шектеусіз Мердігердің меншік иелерінің, директорларының, лауазымды тұлғаларының, жұмыскерлері мен агенттерінің осы тармақтың кепілдіктерін сақтауын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.9. Мердігер және барлық Аффилиирленген тұлғалар тікелей немесе жанама түрде келесі әрекеттерді: Тапсырыс беруші мен оның аффилиирленген тұлғалары үшін заңсыз жолмен алу, бизнесті сақтау не жүргізу немесе заңсыз артықшылықтар алу мақсатында мемлекетпен байланысты кез-келген тұлғаларға кез келген ақшаны немесе басқа құндылықты (соның ішінде сыйлықтарды, ойын-сауық пен субсидияларды) төлеу, ұсыну, уәде беру немесе төлеуге рұқсат беру сияқты әрекеттерді жасамауға; Коммерциялық парақорлықты және бизнесті жүргізудің басқа да заңға қайшы және заңсыз тәсілдерін қоса алғанда, коммерция саласында пара беруге тыйым салатын қолданыстағы заңдарды бұзатын басқа әрекеттерді жасамауға міндеттенеді.

13.10. Мердігер мемлекетпен байланысты тұлға болып табылмайды және оның лауазымды тұлғалары, жұмыскерлері немесе тікелей не жанама иелері болып табылатын Саяси тұлғалары жоқ. Мердігер кез келген Саяси маңызды тұлға шарт бойынша Мердігердің лауазымды тұлғасы немесе жұмыскері болған немесе Мердігерде тікелей немесе жанама мүддеге ие болған барлық жағдайлар туралы Тапсырыс берушіні жазбаша түрде дереу хабардар етуге міндеттенеді.

13.11. Мердігер ешқандай заңсыз мақсатта емес, заңды шаруашылық қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылған және тек заңды қаржыландыру көздеріне ие.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

13.12. Мердігер және оның аффилиирленген тұлғалары алаяқтық немесе сыбайлас жемқорлық заңсыз әрекеттері үшін сотталмаған немесе кінәлі деп танылған емес. Мердігер немесе оның кез келген аффилиирленген тұлғалары осындай заңсыз әрекеттерді жасағаны үшін сотталған болса немесе кінәлі деп танылса, Мердігер Тапсырыс берушіге жазбаша түрде дереу хабарлауға міндеттенеді.

13.13. Мердігер ҚМГ ресми веб-сайтында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) Іскерлік әдеп кодексімен және ҚМГ және оның ЕТҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатымен танысқандығын растайды. Мердігер ҚМГ Іскерлік мінез-құлық кодексін және ҚМГ және оның ЕТҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын толық түсінетінін растайды.

13.14. Мердігер Тапсырыс берушіге осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тармақтың талаптары нақты немесе ықтимал бұзылған жағдайда адал көмек көрсетуге және жәрдемдесуге міндеттенеді, соның ішінде өз иелеріне, директорларына, лауазымды тұлғаларына және басқа аффилиирленген тұлғаларға сауалнама жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.15. Мердігер Тапсырыс берушіні ПМХЗ қызметіне қатысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы тармақтардың талаптарын бұзудың барлық жағдайлары туралы жедел хабарлауға міндеттенеді. Талаптарды бұзу жағдайлары туралы хабарлау үшін Мердігер ҚМГ ресми веб-сайтында ақпарат орналастырылған ҚМГ «Жедел телефон желісін» пайдалануға міндетті.

13.16. Тараптар Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді Шарт тараптарының бірі бұзған кезде шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартады.

14. Құпиялылық

